

«Сұлулық әлемі!» атты Елорданы көшіру күніне арналған қалалық деңгейде ұлттық нақышта сәндік - қолданбалы өнер байқауы

Сайын Сарыарқа төсінде Қазақ елінің тәуелсіздігінің нышаны іспеттес әсем қаламыз Астананың бой көтергеніне де 25 жыл толып отыр. Тарих үшін қас-қағым сәт болғанымен осынау жылдың ішінде елордамыз дәулеті тасып, сәулеті асқан жер жаһандағы сұлу шаһарлардың біріне айналды. Ал 1998 жылдың 10 маусымында әлем картасында пайда болған жаңа астананың халықаралық тұсаукесері өткен болатын

Осы жылдар ішінде тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелдерінен аман өткізіп келеміз.

Осы орайда 2023 жылдың 30 тамыз күні Астана қаласы Білім басқармасы, «Техникалық шығармашылық орталығы» МКҚК ұйымдастыруымен «Сұлулық әлемі!» атты Елорданы көшіру күніне арналған қалалық ұлттық нақышта сәндік - қолданбалы өнер байқауы өткізілді.

Байқау ережесі бойынша мынадай бағытты қамтыды.:

Әр түрлі **БАС КИИМ** түрлері **ЭТНО СТИЛЬДЕ**

ЭТНО СТИЛЬДЕ ӘШЕКЕЙ бұйымдар

Сәнді **ҚОЛ СӨМКЕ** **ЭТНО СТИЛЬДЕ**

ЭТНО СТИЛЬДЕ КИИМ ҮЛГІСІ.

КӘДЕСЫЙЛАР. Елорда символы болуы шарт.

Байқауға жалпы білім беретін 56 мекемеден 180 жас техниктердің өз қолдарымен жасаған 180 жұмыс қабылданды.

Әр номинация бойынша байқау жұмыстарын сараптайтын қазылар алқасы **ШЕШІМІМЕН**, жеңімпаздар анықталып, байқау диплом, сертификаттар табыс етілді.